Қазақстан Республикасы Президентінің "Амстердам қаласында (Нидерланды Корольдігі) Қазақстан Республикасының Бас Консулдығын ашу туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 маусымдағы N 535 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Амстердам қаласында (Нидерланды Корольдігі) Қазақстан Республикасының Бас Консулдығын ашу туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Амстердам қаласында (Нидерланды Корольдігі) Қазақстан Республикасының Бас Консулдығын ашу туралы

Қаулы етемін:

1. Амстердам қаласында (Нидерланды Корольдігі) Қазақстан Республикасының Бас Консулдығы ашылсын.

2. Амстердам қаласындағы (Нидерланды Корольдігі) Қазақстан Республикасының Бас Консулына айына 2850 (екі мың сегіз жүз елу) АҚШ доллары мөлшерінде шетелдік валютадағы лауазымдық жалақы белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК